

## Халықаралық облигациялар шығару кезінде ақпарат беру туралы

### Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директораты 2000 жылғы 20 наурыз N 580. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 сәуір N 1117 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 117 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының зандарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.

### Төраға

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
жөніндегі агенттігі басқармасының  
2005 жылғы 26 наурыздағы

N 117 қаулысына Қосымша

Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған  
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы Директоратының "Халықаралық облигацияларды шығару кезінде ақпарат беру туралы" 2000 жылғы 20-наурыздағы N 580 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1117 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағында 2001 жылды жарияланған, 3-том)...

-----  
"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 33-бабы 6-тармағын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді:

1. Халықаралық облигациялар шығаруға ниеттенген акционерлік қоғамның бұл туралы мұнадай құжаттарды:

1) еркін нысанда жасалған және мазмұнында жобаланған шығарылым елі, шығарылым валютасы және шығарылым сомасы туралы мәліметтер бар жазбаша ескертпені;

2) халықаралық облигациялар шығару туралы шешімімен бірге акционерлер жалпы жиналысының "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 60-бабына сәйкес ресімделген хаттамасының көшірмесін беру арқылы Ұлттық комиссияны жазбаша ескертуге міндettі екендігі белгіленсін.

2. Осы Қаулының 1-тармағында аталған құжаттардың халықаралық облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап 15 күннің ішінде Ұлттық комиссияға беруге жататындығы белгіленсін.

3. Жазбаша ескертпенің назарға алынғандығын растау ретінде Ұлттық комиссия осы Қаулының 1-тармағында аталған құжаттардың соңғысы алынған күннен бастап 7 күн ішінде акционерлік қоғамға Ұлттық комиссияның Төрағасы қол қоюға жататын хат жіберетіндігі белгіленсін.

4. Халықаралық облигацияларды орналастыру аяқталғаннан кейін 15 күні ішінде акционерлік қоғамның Ұлттық комиссияға осы бағалы қағаздардың эмиссия проспектісін ("циркулярын") және еркін нысанда жасалған және шығарылым елі, шығарылым валютасы, шығарылым сомасы және халықаралық облигациялардың орналастыру сәтіне бағасы туралы мәліметтер енгізілген бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есеп беруге міндettі екендігі белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 25 мамырда 535-нөмірмен тіркелген "Халықаралық облигациялар шығару кезінде ақпараттар беру туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 15 көкектегі N 60 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

6. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

7. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстанның қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздаррының кәсіпқой қатысуышыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндettі жүктей отырып), "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

8. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы осы Қаулыны бағалы қағаздаррында кәсіби қызметін жүзеге

асыратын және "Қазақстанның қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздаррыногы кәсіпкөй қатысуышыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін.

9. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасына жүктелсін.

### Ұлттық комиссияның Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК